

Инклюзивті білім берудің философиялық-гуманистік сипаты

Дайындаған: Акилбеков Муса

Тексерген: Ширинбаева

Жоспар:

1. Инклюзивті білім берудің мәні.
2. Мүмкіндігі шектеулі балалар категориясы;
3. Инклюзивті білім берудің негізгі қағидалары;
4. Инклюзивті білім беру моделінің принциптері;
5. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді дамытудың принциптері мен құндылықтары.

АЛҒЫ СӨЗ

- Кез келген адамның негіз құраушы және маңызды құқықтары мен еркіндіктері жүйесінде, білім алу құқығы басты болып саналады. Қазақстан Республикасында барлық дамыған елдердегідей, аталған құқық адамдардың әлеуметтік немесе материалдық жағдайына, жыныстық айырмашылығы мен діни көзқарастарына, денсаулық күйіне және т. б. қарамастан барлық балаларға берілген. Біздің еліміздегі бірде-бір баланы, дамудағы дене немесе интеллектуалды ауытқулары себебінен, осы құқықтан айыруға болмайды.

Инклюзивті білім берудің мәні.

- Инклюзив (лат. *includio* кірістіремін, қосамын)
- Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата – аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу – педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделулеріне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.